

ӘОЖ: 327.8 (2)

КОРЕЙ ХАЛҚЫН БІРІКТІРУ МӘСЕЛЕСІН ШЕШУДІҢ ҚАЗІРГІ ЖАҒДАЙЫ ЖӘНЕ ПЕРСПЕКТИВАЛАРЫ

Саханова Жанэла Сериковна

Zhanela.s@yandex.ru

Л.Н.Гумилев ат. ЕҰУ, Аймақтану мамандығының 2 курс студенті Нұр-Сұлтан,
Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – Қилыбаева П.Қ

Аннотация: Бүгінгі әлемнің өзіндік ерекшелігі- экономикалық орталықтардың халықаралық қатынастардағы жаһандану жүйесінің полюсіне айналу факторы болып табылады. Сондай орталықтардың бірінде жетекші ядролық державалар: АҚШ, Ресей, Қытай және Жапонияның мүдделері қиылысатын- Солтүстік - Шығыс Азия аймағы. Осы аймақтағы қауіпсіздік жүйесі мен саяси ахуалдың қалыптасу факторының бірі - Корей түбегіндегі жағдай.

Кілтті сөздер: Оңтүстік Корей республикасы, біріктіру концепциясы, қазіргі үрдістер, ынтымақтастық.

«Қырғи - қабақ соғыс» аяқталса да, Корей түбегі соғыс кезінде қалыптасқан заңдар бойынша өмір сүруді жалғастыруда. Корей түбегінің геосаяси жағдайы өткен және қазіргі уақытта да маңызды проблема болып қала бермек. Себебі кез-келген саяси және әскери тұрақсыздық шектесетін мемлекеттерге ғана емес, әлемдік қауіпсіздікке қауіп төндіреді. Кореяда ядролық фактордың бар - жоғын ескере отыратын болсақ, бұл проблеманы шешу күрделі екеніне қарамастан, мәселені реттеу- бүкіл әлемдік қауымдастықтың ортақ мүддесі болып табылады [1].

Кореядағы шиеленістің көзі- корей ұлтының ыдырауы. Солтүстіктен, Оңтүстіктен де саяси декларациялар жеткілікті болғанымен, диалогта айтарлықтай ілгерілеу болған жоқ [2]. Тек соңғы онжылдықта тараптар біріктіру мәселесінде практикалық саясатқа көше бастады. Бұның нәтижесі ретінде 27 сәуір 2018 ж Оңт.Кореядағы Пханмунджон саммитін атап өтуге болады. Саммит барысында Оңтүстік Корея президенті Мун Чжэ Ин мен солтүстік корейлік көшбасшы Ким Чен Ын Корей түбегіндегі ядролық қарусыздану процесі - тараптардың ортақ мақсаты екенін атап көрсетті. Ал декларацияның ең маңызды әрі ең әсерлі бөлімдерінің бірі- Корей соғысында бір-бірінен көз жазып қалған туыстардың табысуы болып отыр. Корей түбегіндегі бұл саяси өзгеріс екі тарап халқының мүддесін ғана емес, сонымен қатар Шығыс Азия аймағындағы ықпалды ірі державалардың да қызығушылығын арттырып отыр.

Корей Республикасы мен Корей Халық Демократиялық Республикасының бірігу тарихында үнемі дағдарыс, регресс және серпіліс байқалып отырады. Негізінде,

тараптардың мүдделері айқын. КХДР- американдық әскердің Корея түбегінде орналасу себебінен өзінің ядролық қаруынан бас тартқысы келмесе, ал Оңтүстік Корея болса, ядролық қарудың салдарынан американдық контингентті өз территориясынан шығарғысы келмейді. Бұл, шексіз тұйықталған шеңбер сияқты, екі тараптың келісімсіз шешімге келмейтіні анық. Бірігу перспективалары бойынша бағалайтын болсақ, Оңтүстік Кореяның Солтүстік бөлікпен бірігуі үшін экономикалық әлеуетінің жеткіліксіз екені анықталып отыр. Ресейлік аналитиктердің айтуынша, екі елдің бірігуінің құны екі триллион долларды құрайды. Бұндай үлкен шығынға ешқандай мемлекет басшысы барғысы келмейді, сонымен қоса халықаралық кредиттер жүйесі де жағдайды түзете алмайтыны белгілі. Ал Оңтүстік Корея халқы өзінің әлауқатымен құрбан етуге әлі дайын емес. Екі мемлекеттің бірігу процесі шегерген сайын, қаржылық бағасы да өсе береді. Кейін қаржылық көмекпен қоса, гуманитарлы көмек, Солтүстіктің экономикасын тұрақтандыру, мамандарды даярлау және 350 миллиард долларды құрайтын Солтүстік Кореяның қарызын өтеуге тура келеді.

Осыған орай біріктіру мәселесін зерттей келе Ресейлік зерттеушілер бірнеше біріктіру принциптерін бөліп қарастырды. Олар: сіңіру, эволюциялық бірігу және демократиялық пен құқықтық конструкциялар арқылы қайта біріктіру.

Эволюциялық біріктіру көбінесе Қытайлық даму жолының үлгісі ретінде түсіндіріледі. Яғни Қытайдың модернизациялау үлгісімен Солтүстік Корея Пекин сияқты өз елін еркін нарықтық қатынас жолында басқаруға және саяси жолда адалдығын сақтауға қабілетті бола алады.

Біріктірудің екінші моделі- сіңіру процесі. Екі мемлекеттің геосаяси әлеуетіне талдау жасай келе, социалистік идеология негізінде мәжбүрлеп қосылу сценарийін тапты. Бұл принципті екі мемлекеттің күштері және халықаралық ойыншыларының ешқандай іс-әрекеттерін іс жүзінде жүзеге асыруға мүмкіндік бермейтіні дәлелдеп отыр [3].

Үшінші әдіс - КХДР мен КР-ның құқықтық бірлестігі. Екі елді біріктірудің ең жақсы жолы - «жұмсақ күш» арқылы біріктіру сценарийі. Яғни, азаматтық қатысу арқылы, экономикалық өзара әрекеттестік арқылы, әлеуметтік деңгейді саяси бірлікке теңестіру процесі [4].

Сонымен қоса, американдық зерттеушілер екі мемлекетті біріктірудің төрт түрлі жолын анықтап отыр. Біріншісі- бұл біртіндеп бірігу процесі. Екі елдің экономикалық және саяси бірлестігіне Солтүстік және Оңтүстік Корея арасындағы келіссөздер арқылы қол жеткізілген көп сатылы процесс. Біртіндеп қайта біріктірудің түрлі теориясы бар. Олардың көпшілігі Пхеньяның экономикалық құлдырауын шешуге бағытталған Қытайдың нарықтық жүйесіне көшу моделі.

Екінші тәсіл - Корея түбегіндегі кво статусын енгізу сценарийі. Осы сценарийге сәйкес, Солтүстік Кореяға мемлекет өмір сүру үшін қажетті өзгерістерді енгізуді жоспарлап отыр.

Үшінші сценарий- Солтүстік Корея жүйесіндегі құлдырау. Бұған сәйкес экономикалық құлдырау және гуманитарлық дағдарыс саяси тұрақсыздыққа, сонымен қоса мемлекеттің құлдырауына әкеледі.

Төртінші нұсқа- екі мемлекеттің арасындағы соғыс. Солтүстік Кореяның бастамасымен басталған соғыс- ең қауіпті сценарий болып табылады. Ықтималдығы төмен болса да, Солтүстік Кореяның әскери қызметкерлерінің мүмкіндіктерін ескере отырып, бұл нұсқаны жоққа шығармайды.

Жалпы алғанда, ресейлік және американдық сарапшылардың мәселені неғұрлым тереңірек зерттеуге бағытталған шараларға кедергі келтіріп отырған бірден-бір себеп: корей мәдениетінің идентификациясы мен қазіргі кездегі өзгерістерге байланысты. Екі Кореяны тарихи біріктірген этникалық қарым-қатынас, Оңтүстік Корейліктер арасында әлсірегенің көрсетіп отыр. Америкалық профессорлар мен зерттеушілердің мәліметтері бойынша, Солтүстік Корея халқының көзқарасы елдегі жағдайдан гөрі әлдеқайда жақсырақ. Дегенмен, бұндай тұжырым біз ойлағандай позитивті емес. Себебі Оңтүстік корейліктерге Солтүстік корейліктер туралы жүргізілген сауалнама қорытындысы бойынша, Солтүстік Корейлік

Қытайдан төмен болған төрт азаматтың арасынан үшінші орынды иеленген екен. Бұның себебі- Солтүстік Кореяның келтірген әлеуметтік және экономикалық нұсқандары. Соңғы жылдары зымырандық ұшыруды, ядролық сынақтарды, адам құқықтарын бұзушылық іс-әрекеттері Оңтүстік Корея азаматтарының өліміне алып келді. Сол себепті жауап беру нұсқалары ұсынылғанда, басым көпшілігі тұрғындар, оның ішінде 37,5%-ы Солтүстік Кореяны «соғыс, әскери және ядролық қару-жарақпен», 19,4%-ы «диктаторлықпен» және 15,9%-ы «кедейлік және аштықпен» байланыстырған екен [5].

Дегенмен де, кез-келген аймақтағы шиеленісті шешу барысында, сыртқы акторлардың қатысуынсыз жүзеге асырылмайды. Бұл мәселені шешуге де бірқатар державалар қызушылық танытып, мүдделі болып отыр. Сонын ішінде АҚШ жетекші орынды иеленеді.

Құрама Штаттардың біріктіру үдерісіне қосқан үлесі зор. АҚШ-тың Солтүстік Кореяға қатысты саясаты- «аймақтағы тұрақтылықтың маңызды факторы ретінде және түбегейлі бейбітшілік құру үшін, Корея халқының ұлттық қайта бірігуіне ықпал етуі» болып табылады [6]. АҚШ-тың мақсаты солтүстіктегі режимді немесе жүйені қолдау емес, оның құлдырауы да емес, ал Оңтүстік Корея түбегінің қайта бірігуін және бейбіт өзгерістер процесін іздестіру мақсатымен ортақтасады.

Жапонияға келетін болсақ, Жапония біріктіру үдерісін, жағдайдың мұқият және біртіндеп өзгеруін қадағалап отыр. Жапония ірі әрі дамыған ел бола тұра, екі елдің бірігуіне қарсы тұра алмайды және ешқандай нұсқан келтіре де алмайды. Жапонияға әкелетін ресурстар және оның атқаратын рөлі түбектегі ұзақ мерзімді реттеуді анықтауға және Солтүстік - Шығыс Азиядағы тұрақты жаңа тәртіпке қол жеткізуге ықпал етеді [7].

Біріккен Корея үкіметі аймақтағы негізгі ойыншы атанады және АҚШ-тың ықпалымен одан сайын тәуелсіз болуына мүмкіндік алады. Қытайға қатысты экономикалық қатынастар, Сеул-Пекин қатынастарының жақында қалыпқа келуі, тарихи жақындығы және жалпы Конфуцийлік мұрасы Сеулді солтүстік көршісімен қарым-қатынасын жақындастырады [8].

Ресей үшін Корей түбегіндегі жағдайды қалыпқа келтіру- бұл жақсы жаңалық болмақ. Өз кезегінде Ресей аймақтағы бірігуді өзінің стратегиялық маңызын қалпына келтіру және экономикалық пайда алу мүмкіндігі ретінде қарастырады. Бұл Ресейдің ұзақ мерзімді перспективасы болмақ. Мұндай мүмкіндіктерді жүзеге асыру үшін- «Екі Корея саясатын» жүргізуді көздеп отыр. Бұл саясатқа негізделетін болсақ, Ресей мен КХДР арасындағы сауданың жыл сайынғы өсуі 36% ға, ал Ресей – Оңтүстік Корея сауда айналымын 23% ға өсуін көздеп отыр [9].

Қауіпсіздік тұрғысынан Ресей үшін бірігудің нәтижесі оңтайлы емес. Сондықтан Ресей біртұтас Корея бағытын қолдайды. Ресейдің осындай нәтижесі екі ірі жобаны жүзеге асыруына мүмкіндік береді. Соның бірі Солтүстік Корея арқылы Жапонияға тасымалдайтын трансұлттық мұнай және газ құбырлар жолы [9].

Осылайша, жоғарыда келтірілгендердің бәрін қорытындылай келе, келесі қорытындыға келеміз. Біріншіден, Оңтүстік Кореяның Солтүстікпен бірігуі үшін экономикалық әлеуеті жеткілісізсіз. Бұл КХДР-мен біріктіру кезінде Оңтүстік Корея өз азаматтарының өмір сүру деңгейін сақтай алмайтындығын дәлелдейді. Екінші пікір бойынша, оңтүстік корейлік жас ұрпақ солтүстік корейліктермен тарихи- туыстық қарым- қатынасты жоғалтқан. Яғни, бірігуге бағытталған ұлттық мотивация нашар.

Біріктіру модельдері мәселесіне назар аударатын болсақ, біріктірудің үш типін бөліп қарастырдық. Олар: сіңіру, эволюциялық бірігу және демократиялық пен құқықтық конструкциялар арқылы қайта біріктіру.

Корей халқының қазіргі уақытта қайтадан қосылуына кедергі болатын кедергілер мәселесі зерттелді. Мәселен, мәдени ерекшеліктер, сыртқы акторлардың мүдделері, екі мемлекеттің бірігуіндегі, әскери кедергілер, экономикалық қиындықтар, әлеуметтік және психологиялық проблемалар, жеке қауіпсіздік деңгейіндегі проблемалар, саяси айырмашылықтар мен сыртқы саясат мәселелері талқыланды. Ресейлік және американдық

сарапшылардың көбі өздерінің талдауларында екі тарапқа зиян келтіре алмайтын нақты жоспарланған жоспары жоқ деген тұжырымға келді. Бірақ егер интеграция болмаса да, түбегейлі жағдайдың тарихи жағынан, саяси, этникалық және экономикалық құрылымдар ерте ме, кеш пе, біріктірілетін болады. Бірақ бүгінгі таңда Кореяда бірігудің ұлттық мотивациясы әлі күнге дейін нашар байқалады және бүкіл ұлт үшін шын мәндегі міндет емес.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Пак ЧжуЕн. Проблема объединения Кореи в контексте глобального мирополитического процесса: дис. канд. пол. наук.: 23.00.04
2. Торкунов А. В., Ли В. Ф., Денисов В. И. Корейский полуостров: метаморфозы послевоенной истории. М.: ОЛМАМедиаГрупп. — 2008. — 541 б.
3. Волынчук А. В., Андреева Ю. В. Проблемы и перспективы объединения стран Корейского полуострова: опыт геополитической экспертизы // Вестник Челябинского государственного университета. Политика и политические науки, Челябинск. — 2013. — № 14. — С. 35–41.
4. Ли Су Чжин. Проблема объединения Кореи: эволюция и перспективы межкорейского диалога с участием СССР/России: дис. канд. пол. наук.: 23.00.04 / Ли Су Джин. Москва. — 2015. — 269 б.
5. Goghlan, D. (2008). Prospects from Korean reunification. Carlisle, PA: Strategic Studies Institute, U. S. Army War College
6. Drennan, William M. (1997). Prospects and implications of Korean unification. TheNautilusInstitute. [Электронный ресурс]. // URL: <http://cryptome.org/jya/korea-union.htm> (дата обращения: 15.03.2018).
7. Michael H. Armacost and Kenneth B. Pyle. (1999). Japan and the Unification of Korea: Challenges for U. S. Policy Coordination. NBR analysis. The National bureau of Asian research, Vol. 10, No. 1, p. 42.
8. Victor D. Cha. (1997). Korean unification: the zero-sum past and the precarious future. ASIAN Perspective, Vol. 21, No. 3, pp. 63–92.
9. Goghlan, D. (2008). Prospects from Korean reunification. Carlisle, PA: Strategic Studies Institute, U. S. Army War College. p. 29.